

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Жетітөбе» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорныны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария
талқылау**

ХАТТАМАСЫ

Кәріқорған ауылы

29.12.2025

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Жетітөбе ауылдық округі, Кәріқорған ауылы, М.Үсіпбеков көшесі №21А үй

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің мүшелері, балабақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

Талдамалық анықтаманы жарияны талқылау.

Тыңдалды: «Жетітөбе» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Кузембаева Айкерим Дилдабековна сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: Меңгеруші Кузембаева Айкерим Дилдабековна - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР заңының 8- бабының 5- тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Жетітөбе» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2026 жылғы 5 қаңтардағы № 8 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Жетітөбе» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдық 9 қаңтары мен 9 ақпаны аралығында 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Жетітөбе» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау – тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Комиссия 2026 жылғы 05 қаңтардағы № 8 бұйрығына сәйкес құрылды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мен қамтылатын кезең:

2025 жыл

Масс – медия сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2025 жылдың 29 желтоқсанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс – медияда 2026 жылдың 16 ақпанында әғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланды.

Анонс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

Шешім:

1. Жария талқылау хаттамасы масс – медия сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Меңгеруші:



А.Кузембаева

Хатшы:



Д.Болысбаева